

**"ATLAS & Co" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін (қатты пайдалы қазбаларды барлауға) жер учаскесіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы**

Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 209/8 қаулысы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 14-1, 69, 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Май ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "ATLAS & Co" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін (қатты пайдалы қазбаларды барлауға), Семей сынақ ядролық полигонының аумағында орналасқан жер учаскесіне меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоймай, 6 (алты) жыл мерзімге осы қаулының қосымшасына сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Май ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы нормативтік құқықтық актіні ресми жарияланғаннан кейін Май ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М. Ақтаев*

Май ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы "27" тамыздағы  
№ 209/8 қаулысына  
қосымша

**Семей сынақ ядролық полигонының аумағында орналасқан жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы алаңы (гектар)	Ауыл шаруашылық (алқаптарының алаңы (гектар))	Соның ішінде, жайылым (гектар)	пайдалану мерзімі (жыл)
Семей сынақ ядролық полигонының аумағы	650,0	650,0	650,0	6